

Жастар - кітаптан алыстап бара ма ?

Әлем жаратылғаннан бері адамзаттың ойлап тапқан баға жетпес дүниесі - кітап. Адамды - жаңа белеске жетелеуші, адамға - жаңа ой беруші үлкен күш.

Алайда соңғы жылдары адамзаттың, оның ішінде жас буынның кітаптан алыстап баратқаны байқалып жатыр. Шынымен бе ? Себеп неде ?



(QAZAQ GAZETA сайтынан)

Біріншіден (жастардың айтатын сылтауы): - Кітаптың керегі не ? Барлығы интернетте бар ғой?!

Дәл осы сөз “**кітап оқымайтын**” жастардың қайталанбас жауабына айналды. Бірақ бұларға: “ **Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге**” - деп **Абай** атамыз жауап беріп қойған.

Қуанышқа орай, мұндай жауапты қоғамдағы әрбір жастан ала бермейміз.

Көптеген жасалған сауалнамалар арқасында жастардың кітаптан аса алыс емес екенін білдік. Осы орайда жастар кітаптың әр түріне қызығатынын айта кетсек болады. Мысалы: өз айналамдағы таныстарымның маған берген жауаптарында - қазақ әдебиеті, шетел классиктері, фэнтези және ертегілер оқитындарына куә болдым.

Бұл әрине жақсы. Сонда да, кітаптың жақсы түрлерін оқыған абзалырақ деп айтқым келеді. Мамандардың айтуынша, кітап оқу адамның ойлау қабілетін дамытып, сөдік қорын арттырады. Соның ішінде **көркем әдебиет** адамның қиялын ұштап, түрлі

жағдайларға сыни көзқараспен қарауға үйретеді. Бір жағы қазақ классиктерін оқу - жастарымыздың тарихи танымын одан сайын тереңдете түсетініне сенімім мол.

Бір қызығы жастар - басылып шыққан кітаптардан көрі, электронды кітап түрін көп таңдап жатады. Кейде ойлаймын, осындайда - “кітап оқу дұрыс емес !” - деп айтып қалуым мүмкін бе деп. Себебі электрондының аты, электронды. Көп оқысаң көз жанарыңды тауысып бітеді. Одан да, дүкеннен басылым кітап сатып алып парақтап оқығанның рақаты бөлек секілді. Бірақ осының өзіне риза боламыз.

Ал кітап оқымайтын тараптың себебі неде ?

Осы тұста ең бірінші айтатынымыз - әлеуметтік желі. Мұнда адам миын улайтын түрлі **қысқа бейнетаспалар** бар. Бұларды көріп алған адам, ұзақ мәтіндерден қорқып, жүрегі айнитын болады. Әзірге, осы үлкен мәселе болып тұр.

Алайда кітап оқуға деген қызығушылық жоғалып жатқан жоқ. Керісінше, қазақтың түрлі шығармаларын жарыса оқитын жастарымыздың саны артуда. Оғын себеп, әлеуметтік желілердегі түрлі шығармаларды, авторларын насихаттайтын парақшалар. Бұл өте керемет.

Айтар болсам, кітап оқуға, білімге ұмтылған жастар заманы өтпеді және өтпейді. **Кітап оқу ешқашан тоқтамайды. Тек оқу форматы өзгеруі мүмкін.**